

## **Алматы-Ақмола жолын қалпына келтіру жобасын жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1364

Алматы-Ақмола жолын қалпына келтіру жобасын одан әрі жүзеге асыру және Азия Даму Банкінің 50 000 000 (елу миллион) АҚШ доллары мөлшерінде қарыз қаражатын және 4 050 000 (төрт миллион елу мың) АҚШ долларына баламды мөлшердегі республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатын, сондай-ақ республикалық Жол қорынан 22 950 000 (жиырма екі миллион тоғыз жүз елу мың) АҚШ долларына баламды мөлшердегі қоса қаржыландыру қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жобаны қаржыландыруға бағытталған 77 000 000 (жетпіс жеті миллион) АҚШ доллары сомасындағы қаражатты қосымшаға сәйкес бөлу бекітілсін.

2. Осы Жобаны қаржыландыруға бағытталған қаражатты түпкі қарызға алушы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылады, оған бөлінген қаражатты мақсатты және тиімді пайдалану, сондай-ақ республикалық Жол қоры қаражатынан негізгі борышты, проценттер мен ілеспе төлемдерді өтеу жауапкершілігі жүктеледі деп белгіленсін.

3. Азия Даму Банкі қарызының қаражатынан қаржыландырылатын осы Жоба бойынша берілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар мен қызмет көрсетулер " Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1996 жылғы 18 қазандағы Қарыз туралы (Кәдімгі операциялар) (Жолды қалпына келтіру жобасы) келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 наурыздағы Заңымен бекітілген қарыз туралы келісімге сәйкес, қосылған құнға төленетін салық пен кеден төлемдерін төлеуден босатылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Азия Даму Банкінің қарызы бойынша негізгі борыштың, проценттер мен ілеспе төлемдердің уақтылы өтелуіне бақылауды жүзеге асырсын;

1997 жылға арналған республикалық бюджетте Жобаны қоса қаржыландыруға көзделген қаражаттың Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне қайтарымды негізде уақтылы бөлінуін қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен сыртқы қарыздың қаражатын және 1997 жылы Жобаны қоса қаржыландыру мақсатында республикалық бюджеттен берілген қаражатты қайтару жөнінде келісім жасассын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

осы жобаны, 1998 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары Азия Даму Банкімен келісілген Жобаны жүзеге асыру кестесіне сәйкес көлемдерде, республикалық Жол

қорының қаржысы есебінен қоса қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

Осы Жобаның жүзеге асырылуын үйлестіру мен бақылау жасауды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитетіне Жобаның жүзеге асырылу барысы туралы, жасалған жұмыстың тиімділігіне баға бере отырып, ай сайын есеп

тапсырсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті осы Жобаның жүзеге асырылуын жалпы үйлестіруді және Азия Даму Банкінің ережелеріне және рәсімдеріне сәйкес тауарлар сатып алу, жұмыстар мен қызмет көрсетулердің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 21 қыркүйектегі  
N 1364 қаулысына  
қосымша

р/с N	Санаты	АДБ тарапынан қаржыландыру, АҚШ долларымен	Қазақстан Республикасы тарапынан қаржыландыру, АҚШ долларымен	Қазақстан Республикасы республикалық бюджеттен	Қазақстан Республикасы Жол қорынан
1	Жол-құрылыс жұмыстары	28 800 000	4 050 000		5 150 000
2	Жолды ұстау және жабдықтау	8 900 000	-		13 500 000
3	Консультациялық қызмет көрсетулер	4 800 000	-		300 000
4	Күтпеген шығыстар	7 500 000	-		4 000 000

ЖИЫНЫ	50 000 000	4 050 000	22 950 000
-------	------------	-----------	------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК